

"Сүт және сүт өнімдерін өндіру, сақтау және тасымалдау объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 201 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3687. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 3 тамыздағы № 588 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.08.03 № 588 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына және 17 бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған "Сүт және сүт өнімдерін өндіру, сақтау және тасымалдау объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногка жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

Ауыл шаруашылығы министрі

2005 жылғы 23 мамыр

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрінің

м. а. 2005 жылғы 28 сәуірдегі

№ 201 бұйрығымен бекітілген

**Санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен нормалар
"Сүт және сүт өнімдерін өндіру, сақтау және тасымалдау
объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) қызметі сүт және сүт өнімдерін өндіруге, сақтауға, тасымалдауға және сатуға байланысты жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - нысандар) арналған.

2. Осы санитарлық ережелерде төмендегідей терминдер мен анықтамалар қ о л д а н ы л д ы :

1) гомогенизация - сүттің майда түйіршіктерін майдалап, оның құрамын біркелкі қалыпқа келтіретін технологиялық үдеріс;

2) тотықпайтын болат - арнайы өңдеуден өткен болат;

3) ұйытқы - ұйытылған сүт өнімдерін дайындауға қолданылатын сүт қ ы ш қ ы л д ы б а к т е р и я л а р ы ;

4) сүт және сүт өнімдерін өндіретін шағын қуатты нысандар (шағын өндіріс) - аусымда өңдейтін сүт көлемі 3 тоннадан аспайтын нысандар;

5) пастерлеу - сүтті бір мәрте 70-85 °С температураға дейін қыздыру арқылы м и к р о б т а р д ы ж о ю ә д і с і ;

6) пероксидаза - сүтті пастерлеу үшін 85 С-қа дейін қыздыру кезінде сапасын бақылау үшін қолданылатын фермент;

7) сүтті өңдеуден өткізу - сүттің алғашқы қасиеттерін өзгертетін кешенді т е х н о л о г и я л ы қ ү р д і с т е р ;

8) профламбирование - ыдыстың жиегін жалынмен күйдіру;

9) санитарлық өңдеу - жабдықтарды, құралдарды, ыдыстарды жуу және зарарсыздандыру сапасын қамтамасыз ететін технологиялық тәсілдердің ж и ы н т ы ғ ы ;

10) термограмма - пастеризаторда сүтті жылыдай өңдеу тәртібін сызықпен к е с к і н д е у ;

11) фосфотаза - сүтті пастерлеу үшін 70 С дейін қыздыру кезінде сапасын бақылау үшін қолданылатын фермент;

12) фризерлеу - балмұздаққа арналған сүт қоспасын көпсіте отырып, салқындатудың технологиялық үдерісі;

13) фризер - балмұздақ дайындауға арналған жабдық.

2. Сүт және сүт өнімдерін өндіретін нысандарды күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Сүт және сүт өнімдерін өндіретін нысандарды (бұдан әрі - нысандарды) орналастыру, жер телімін бөлу, құрылысын жүргізуге және қайта жаңартуға арналған жобалық құжаттарды бекіту, оларды пайдалануға беру осы санитарлық ережеге сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда ғана жүзеге асырылады.

4. Нысандар бөлек аумақта орналасуы тиіс. Мемлекеттік орган санитарлық-эпидемиологиялық қызметінен санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болған жағдайда сүт, нан, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін нысандарды бір аумақта оқшау орналасуға рұқсат етіледі.

5. Нысанның белгіленген тәртіп бойынша аккредитациядан немесе аттестациядан өткен өндірістік зертханасы болуы керек. Өндірістік зертхана келіп түсетін шикізаттардың, дайын өнімдердің сапасына және қауіпсіздігіне осы санитарлық ереженің 3- қосымшасына сәйкес технокимиялық және микробиологиялық бақылау жүргізуі керек.

6. Өндірістік зертхана нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрдің N 3610 тіркелген, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің м.а. 2005 жылғы 25 наурыздағы "Зертханалар бойынша санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерді бекіту туралы" N 145 бұйрығына сай жабдықталып және күтіп ұсталуға тиіс.

7. Өндірістік зертхананың бақылауымен келіп түсетін сүт және кілегей, ашытқы, дайын өнімдер, сол сияқты өндірістің технологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық режимдерінің жағдайы қамтамасыз етілуі керек.

8. Өндірістік зертхана болмаған жағдайда шағын және орташа қуатты нысандарда зертханалық бақылауды, белгіленген тәртіпте аккредитациядан өткен, басқа зертхана жүргізуге тиіс.

9. Нысанның санитарлық қорғау аумағы қолданыстағы құрылыстық нормалар мен ережелерінің (бұдан әрі - ҚНМЕ) талаптарына сай белгіленуге тиіс.

10. Нысанның аумағы қоршалып, көркейтілуі, асфальттануы керек. Жаңбыр, қар, ағынды сулардың аумақты шайып кетуін болдырмау үшін су ағатын канализациялар жүргізілуіне тиіс.

11. Аумаққа кіріп-шығатын жеке екі жолы болып, күнделікті тазартылып, жазда сумен шайылып, қыста қар мен мұздан тазаланып отыруы керек.

12. Аумақ мынадай негізгі бөліктерге бөлінеді:

1) әкімшілік ғимараттар, бақылау пункттері орналасқан және жеңіл көліктердің тұруына арналған алаңы бар әкімшілік аумақ;

2) негізгі өндірістік ғимараттар, сол сияқты өндірістік зертхана, медициналық пункт немесе денсаулық сақтау пункті, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар, асхана, автосүтцистернаға арналған жабындысы бар автотұрақ орналасқан ө н д і р і с т і к а у м а қ ;

3) қосымша ғимараттар, қоймалық үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, құрылыс материалдарының қорын сақтауға арналған имараттар, бос ыдыстар мен отын, қоқыс жинағыш контейнерлер тұратын алаң және аулалық дәретханалар орналасқан шаруашылық аумақ.

13. Көлікке тиеп-түсіру алаңдары, темір жол, автокөлік, платформаларына өтетін жолдар, құрылыс материалдарын, отынды, бос ыдыстарды сақтайтын алаңдар, автокөліктер және жаяу жүретін жолдардың беті тегіс, су өткізбейтін жабындысы болуға тиіс.

14. Учаскенің қызметтік аумақтарының ара қашықтығы 25 метрден (бұдан әрі - м) кем болмауға тиіс.

15. Ғимараттар мен имараттардың арасындағы санитарлық арақашықтық қарсы тұрған ғимарат пен имараттың бір биіктігінен кем болмауға тиіс.

16. Ғимараттар мен имараттардың, құрылғылардың аумақта орналасуы шикізат пен дайын өнімдерді тасымалдауда өтетін жолдардың қиылыспауын қамтамасыз етуі керек.

17. Қоқыстар мен қалдықтарды жинау үшін металдан жасалған контейнерлер қолданылады, олар асфальтанған алаңда орналасуы керек. Алаңның мөлшері контейнерлердің түбінің көлемінен 3 есе көп болып, өндірістік және қосымша үй-жайлардан кем дегенде 25 м жерде орналасуы керек. Алаң үш жағынан биіктігі 1,5 м болатын, тұтас бетондалған немесе кірпіш қабырғамен қоршалуға тиіс.

18. Қоқыстар мен қалдықтарды контейнерлердің 2/3 бөлігі толғанда шығару керек, бірақ аптасына бір реттен кем емес. Қоқыстан босатылған контейнерлер жуылып және зарасыздандырылуы керек.

19. Шаруашылық-ауыз су, технологиялық мақсат үшін сумен қамтамасыз ету нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрдің N 2999 тіркелген, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің м.а. 2004 жылғы 28 маусымдағы "Шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" N 506 бұйрығына сай болуы қажет.

20. Су келетін су құбыр жеке, жабылатын үй-жайда орналасып, оның манометры, су сынамасын алатын шүмегі, су ағар еңістігі, кері клапандары болуы керек.

21. Ауыз су, техникалық және өндірістік сумен қамтамасыз ету жүйесі бөлек құрылып, құбырлары әртүрлі түске боялуы керек. Су алатын жерде "ауыз су", "техникалық су" деген жазу болуға тиіс. Техникалық суды компрессорлық қондырғыларды, қазандықтарды жууға, аумақты суғаруға, автокөліктер мен дәретханалардың сыртын жууға қолдануға рұқсат етіледі.

22. Өндірістік және шаруашылық ауыз суға арналған суды сақтау үшін өндірістік қуаттылығына қарай сыйымдылық резервуарлары қарастырылуы керек. Резервуарлар сынама алу үшін арнайы шүмекпен, сатымен және люктермен жабдықталып, аузына құлып салынып, пломба соғылып, сыртына "ауыз су" деп жазылады.

23. Шаруашылыққа арналған резервуарлық сулар 48 сағат сайын ауыстырылып отырылуы керек.

Су сақтайтын резервуарларды тазалап, зарарсыздандыру жұмыстары тоқсан сайын 1 рет, сол сияқты апат орын алып, оны орнына келтіріп, жөндеу жұмыстарынан кейін жүргізілуі керек. Тазалап, зарарсыздандырылғаннан кейін зертханалық (сынама алынады) бақылау жүргізіледі, оның қорытындысы журналға тіркеледі.

24. Шаруашылық - ауыз су және өндірістік цехтар үшін резервуарға берілетін судың сапасын өндірістік зертхана арқылы тексеріп отыру керек.

25. Әрбір жөндеу жұмыстарынан кейін су құбырлары жуылып, зарарсыздандырылады, содан кейін суды зертханалық жолмен тексереді. Зарарсыздандырылғаннан кейін судың сынамасы мынандай бақыланатын орындардан: су енгізілетін кіреберіс орнынан, резервуардан, ашытатын орыннан, аппараттар цехынан және технологиялық үдерістерді есепке ала отырып басқа цехтардан сынама алынады.

26. Су құбыры мен канализациядағы апаттар мен жөндеу жұмыстары, су, бу мен суықтың болмай қалуын, осы санитарлық ережелердің 1 қосымшасына сәйкес, арнайы журналда тіркеп отыру керек.

27. Өндірістік үй-жайлар суық және ыстық сумен қамтамасыз етіліп, су алар орында араластырғыш қарастырылып, жинап-тазалау жұмыстарын жүргізу үшін 500 шаршы метрге (бұдан әрі - м²) әрбір үй-жайға су алатын бір шүмек орнатылуы керек. Шлангілерді сақтауға орын дайындалып, олар су шашатын клапан-ұштықтармен жабдықталуға тиіс.

28. Жылыту жүйесінен технологиялық үрдіске, үй-жайларға, жабдықтарға санитарлық тазарту жүргізуге ыстық суды пайдалануға болмайды.

29. Канализация жүйесінің құрылымы құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сай келуі керек. Өндірістік цехтарды санитарлық тораптардың және себезгі бөлмелерінің үстінде орналастыру керек.

30. Өндірістік үй-жайлар құяр жерінде тор көз қойылған, диаметрі 10 сантиметрлік су ағар жолдармен, жуынды суды жинайтын орынмен қамтамасыз етілуі керек. Технологиялық құрал-жабдықтардан, машиналардан пайдаланған суды шығаратын су құбырын сифон арқылы канализация жүйесіне қосады.

31. Төмендегілерге рұқсат етілмейді:

1) басқышты, астаушаларды, технологиялық және тұрмыстық қалдық сулар ағатын канализациялық аспалы құбырларды жұмыс орындарының, технологиялық жабдықтардың үстінен жүргізуге;

2) тұрмыстық қалдық сулардың тік құбырларын өндірістік үй-жайлар арқылы жүргізуге.

32. Өндірістік қалдық сулардың тік құбырлары, тіреуіштері өтпелі каналдарда орналасып, оларды бейтарап үй-жай арқылы тексеру мүмкіндігі болуға тиіс.

Ағынды сулар механикалық, химиялық (қажет болғанда) тұрғыдан, биологиялық толық тазартылуы керек.

33. Егер нысан канализациялық желісі жоқ елді мекенде орналасқан жағдайда жергілікті канализация және сорып тазарту жүйесі қарастырылады. Қалдық су жиналатын бетондалған шұңқырдың темір қақпағы болып, оның 2/3 бөлігі толған кезде тазартып отыру керек. Өндірістік және тұрмыстық қалдық суларды тиісті тазартудан өтпеген күйінде сукоймаларына жіберуге рұқсат етілмейді.

34. Жеке тұратын дәретханалар негізгі өндірістік және қойма үй-жайларына кем дегенде 25 м жерде орналасып, тазалық жұмыстары жүргізіліп, жетісіне 1 рет зарарсыздандырылып отыруы керек.

35. Нысанның өндірістік және қосымша үй-жайлары қолданыстағы ҚНЖЕ талаптарына сәйкес табиғи және жасанды жарық көздерімен қамтамасыз етілуі керек.

36. Жарық түсетін терезелерді сыртқы және ішкі жақтарынан жабдықтар мен бос қораптар жинап, жарықты көлеңкелемеу керек. Терезелерге жамалған

әйнектер орнатуға немесе оларды жарық түспейтін материалдармен ауыстыруға болмайды.

37. Өндірістік және қосымша цехтардың жарықтандырудың көздерінде қорғаныс арматурасы немесе жабық плафондары болуы тиіс.

38. Сынап толтырылған газ арқылы жанатын шамдар істен шыққан кезде оларды жинап, сақтайтын арнайы үй-жай болуы керек. Пайдаланудан шыққан шамдар есепке алынып және арнайы журналда тіркеліп, қайта өңдеу үшін тиісті пункттерге жіберілуге тиіс (демеркуризация).

39. Ашық технологиялық үдеріспен өндіретін үй-жайларда (қақпағы жоқ ашық ваннада ірімшік, балмұздақ, және басқа да өнімдерді өндіргенде) жарық көздерін технологиялық жабдықтардың үстіне орналастыруға болмайды.

40. Өндірістік, қосымша және тұрмыстық үй-жайлар қолданыстағы ҚНЖЕ талаптарына сәйкес соратын-шығаратын немесе жергілікті желдету құрылғыларымен жабдықталуы керек.

41. Өндірістік үй-жайларға сорылып берілетін ауа жер бетінен 2 метрден кем емес төменгі аумақтан жүргізілуге тиіс. Ашық технологиялық үдеріспен жұмыс істейтін цехтарға сырттан берілетін ауаны тазартудан өткізу қарастырылуы керек.

Технологиялық үдеріс ашық түрде жүргізілетін цехтарда, балаларға арналған сүт өнімдерін және стерилденген сүтті өндіретін бөлімде сүт ашытатын және өндірістік үй-жайларға келіп түсетін ауа шаңнан тазалану үшін тесіктері өте кішкентай сүзгілерден өтулері керек.

42. Аэрозольды шығару арқылы жүретін технологиялық үдерістері бар (құрғақ сүт өндіретін, ерітілген ірімшік, ірімшіктерді парафинмен жабатын) нысандарда ауаны тазарту үшін арнайы сүзгілер қолданылады.

43. Әрбір үй-жай, егер технологиялық үдеріс мүмкіндік беретін болса, табиғи түрде желдетілуі керек. Жылу, ылғал және зиянды заттар бөліп шығаратын қондырғылар орналасқан жерде сорып шығаратын желдету жүйесімен қамтамасыз етілуі керек, қажет болған жағдайда жергілікті сорып шығаратын механизмді қолдануға болады.

44. Ашыту, зертхана, тұрмыстық үй-жайларда және дәретханаларда жалпы желдету жүйесі және жергілікті желдету жүйесі қарастырылуы керек.

45. Өндірістік және қосымша үй-жайлардың орталықтандырылған немесе жергілікті жылыту көздері болуға тиіс.

46. Өндірістік және қоймалық үй-жайларға кіреберіс орын қарастырылмаса, жылытылып берілетін "ауа пердесі" қарастырылуы керек.

47. Жылыту жүйесінің жылытқыш құралдары шаңнан тазалау және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін оңтайлы орналасуы керек. Беті тегіс емес жылыту

құралдарын орналастыруға және жылу көзінің бетін сәнді торлармен жабуға болмайды.

3. Өндірістік ғимараттарға және тұрмыстық үй-жайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

48. Жаңа технологиялық жабдықтар, желілер орнатқан жағдайда санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болуы керек.

49. Өндірістік цехтардың орналасуы технологиялық үдерістің тоқтаусыз желісін қамтамасыз етіп, ұйымның жоғарғы немесе шағын өндірістік қуатына қарамастан, шикі және дайын өнімдердің жанасуын болдырмауға тиіс.

50. Шағын қуатты өндірісі бар нысанда төмендегідей үй-жайлар жиынтығы, алаңдар көлемі болуы тиіс:

- 1) сүт қабылдайтын орын - 6 м^2 ;
- 2) өндірістік цех - құрал және жабдықтарды жуғышпен бірге орналасқанда - 30 м^2 ;
- 3) айналымдағы ыдыстарды жуатын орын - 6 м^2 ;
- 4) ашытатын орын - 6 м^2 . Қолдануға дайын ұйытқыны пайдаланғанда ұйытқы мен өндіретін цехты біріктіруге рұқсат етіледі;
- 5) дайын өнімдер қоймасының алаңы - 14 м^2 ;
- 6) өндірістік зертхана - қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес зерттеулер тізбесі мен көлемін есепке ала отырып алынған үй-жай жиынтығы;
- 7) тұрмыстық үй-жайлар және киім ілетін орын - 6 м^2 ;
- 8) дәретханалық бөлме - 3 м^2 ;
- 9) әкімшілік үй-жайлары.

51. Бағытына байланысты үй-жайлар жиынтығы, жабдықтар, оларды күтіп ұстау, технологиялық режимдер, қорапқа салу, тасымалдау, өнімді сақтау осы санитарлық ереженің талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

52. Сүтті қабылдау жабық үй-жайда немесе сүтті көліктен түсіретін кронштейндермен және резеңке түтіктермен жабдықталған платформада жүргізіледі. Флягалардан сүтті соратын түтікшелердің тотықпайтын болаттан жасалған ұзындығы 80-100 см. болатын ұштықтары болуға тиіс. Цистернадан сүт сору үшін цистернаға кіріп тұратын келтек құбырға бұрандамен қосылатын аспалы түтікшелер қолданылады.

53. Мал азығын (майы алынбаған сүтті ауыстыратын) өндіретін цех негізгі өндірістік үй-жайдан оқшау, бөлек орналасуы керек.

54. Тағамдық құрауыштар және тағамдық қоспалар бөлек бөлмеде, өндірушінің орамында сақталады. Осы бөлмеде оларды өндіріске пайдалануға

дайындау жүргізіледі, ол үшін табандықтар, сөрелер, контейнерлер қарастырылуға тиіс.

55. Негізгі өндірістік цехтардың, сол сияқты ашытқы бөлімшесі мен зертхананың қабырғалары глазуrlenген тақтайшалармен немесе белгіленген тәртіп бойынша пайдалануға рұқсат етілген басқа материалдармен 2 м биіктікке дейін қапталуы керек, оның жоғарғы жағы су эмульсиясымен немесе рұқсат етілген бояулармен сырлануы керек.

56. Үй-жайларға жүргізілетін ағымдағы жөндеу жұмыстары жылына кем дегенде 1 рет жүргізілуі керек. Өндірістік және қосалқы үй-жайлардың қабырғасы мен төбесін сырлау және әктеу ластануына қарай жүргізіледі, бірақ жылына екі реттен кем болмауы керек.

57. Өндірістік үй-жайлардың едені тегіс, су өткізбейтін материалмен қапталуға тиіс. Едендердің беті тегіс, су ағызуға ыңғайлы, еңісте орналасқан жабық астаулармен қамтамасыз етілуі керек. Өндірістік цехтардың едені маймен ластануына байланысты ағаш торлармен жабдықталуы керек.

58. Өндірістік үй-жайларда және мұздататын камераларда қоқыстарды және технологиялық үдерісте қолданылмайтын жабдықтар мен құралдарды сақтауға болмайды.

59. Терезенің, шам шынысының ішкі беттерін, электрлі жарық көздерінің арматуралық беттерін кем дегенде айына 1 рет сүртіп, жуу керек, сыртқы беттерін 1 жылда 2 рет, жылдың жылы мезгілдерінде кірленуіне қарай жуып, сүрту керек. Жазғы кезеңде ашылатын терезелер мен есіктердің тесіктері тормен жабылуға тиіс.

60. Өндірістік цехтардың есіктері, қабырғаларының беті, ашытқы бөлімшесі, балаларға арналған сүт өнімдерін өндіретін цехтар аптасына бір рет ыстық сумен сабындап жуылып, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген зарарсыздандырғыш заттармен өңделуі керек.

61. Жинап-тазалауға, жуу және зарарсыздандыруға керекті материалдарды сақтауға бөлек үй-жайлар, лас суды құюға жабдықталған құрылғы, ыстық және суық су келтірілген раковиналар, тазалау материалдарын жайып кептіретін орынмен жеке үй-жайлар қарастырылуы керек. Тазалауға керекті құрал-жабдықтарға белгі салынуға тиіс. Жуып-тазалауға арналған құрал-жабдықтарды басқа мақсатқа пайдалануға болмайды.

62. Өндірістік үй-жайлардағы еденді тазалау жұмыстары ылғалды әдіспен жүргізіледі, ал жұмыс аяғында ыстық сабынды-сілтілі ерітіндіні қолдану арқылы тазаланылып, артынан зарарсыздандыру жұмыстары жүргізілуге тиіс.

63. Астаушалар, траптар, қол жуғыштар, раковиналар, қоқыс жинағыштар ауысым барысында және ауысымның соңында тазаланып, жуылып, зарарсыздандырылуға тиіс.

64. Өндірістік корпусқа, цехтарға кіре берістегі резеңке кілемшелер әрбір ауысымда зарарсыздандырғыш ерітінділермен шылануы керек.

65. Айына кем дегенде 1 рет (тазалық күн) барлық үй-жайларда, барлық құралдар мен жиһаздарға күрделі тазалау және зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізу керек.

66. Тұрмыстық үй-жайлар санитарлық өткізгіш түрінде жабдықталуға тиіс.

67. Балаларға арналған сүт тағамдарын өндіретін цехтың және жөндеу шеберханаларының, қазандықтың, компрессордың жұмыскерлері үшін жеке тұрмыстық үй-жайлар қарастырылады.

68. Тұрмыстық үй-жайлардың құрамына сырт киімге, жеке және санитарлық киім мен аяқ киімге арналған киім ілетін, таза төсек әбзелдерін сақтайтын, лас санитарлық киімдерді қабылдайтын үй-жайлар, себезгілер және қол жуатын раковиналар, киім мен аяқ киімді кептіретін бөлмелер, кір жуатын және жуып тазалауға керекті жабдықтарды сақтайтын үй-жайлар кіреді.

Жұмыскерлерге арналған асхана немесе буфет тұрмыстық үй жайлардың құрамына немесе бөлек ғимаратта орналасуы керек. Әйелдердің саны 100 асқан жағдайда әйелдердің жеке гигиенасына арналған бөлме жабдықталуы керек, одан кем болған жағдайда себезгісі бар арнайы кабина қарастырылады.

Жұмыскерлер саны 50-ден 300-ге дейін болғанда медициналық пункт, ал 300-ден асқан жағдайда денсаулық сақтау пункті ұйымдастырылады.

69. Жуынатын себезгілерді, дәретханаларды және қол жуғыштар мен кір жуатын орындарды өндірістік цехтар және асханалардың үстіне орналастыруға рұқсат етілмейді.

70. Дәретханалар өздігінен жабылатын есікпен жабдықталуы керек. Шлюздер санитарлық киімдерді ілетін ілгекпен, ыстық және суық су келтірілген қол жуғыш, сабын, щөткемен, қолды кептіруге арналған электркептіргішпен немесе бір рет қолданылатын орамалмен жабдықталуы керек. Шлюзге кіретін жерде зарарсыздандырғыш ертіндіге матырылған кілемше төселуге тиіс.

71. Себезгі бөлмесінің қабырғасы төбеге дейін глазуурленген тақтайшамен жабылып, санитарлық тораптар мен әйелдердің гигиеналық бөлмесінің қабырғасы 2 м биіктікке дейін тақтайшамен жабылып, одан жоғары Қазақстан Республикасында рұқсат етілген материалмен боялуы керек.

72. Тұрмыстық үй-жайлар күн сайын жұмыстың соңынан жиналады: қабырға мен еден сабынды - сілтілі ерітіндімен және ыстық сумен жуылады; киім ілетін шкафтарға ылғалды тазарту жүргізіліп және аптасына бір рет зарарсыздандырылады.

73. Дәретханаларды тазалау және зарарсыздандыруға арналған арнайы құрал-саймандар болып, оларға белгі қойылуы керек. Әрбір тазалаудан кейін оларды 2 сағатқа зарарсыздандырғыш ертіндіге матырып қояды.

Дәретханаларды тазалауға арналған керек-жарақтар, басқа үй-жайларды тазалауға арналған керек-жарақтардан бөлек, арнайы бөлінген орында сақталады.

Дәретхананы тазалауға арнайы персонал бөлініп, оны басқа үй-жайларды тазалауға қатыстыруға рұқсат етілмейді.

74. Асханаға кіреберісте санитарлық киімдерді ілетін ілгектер, ыстық және суық су келтірілген қол жуғыш, сабын мен электркептіргіш болуға тиіс; қажет болған жағдайда киім ілетін орындағы ілгек саны асхананың отыратын орнының санымен бірдей болуы керек.

Тамақты тікелей цехтарда ішуге рұқсат етілмейді.

75. Кеміргіштердің кіріп-кетуінен қорғану үшін мынандай шаралар қарастыру керек:

1) үй-жайға кіретін есіктерді (40-50 см биіктікке дейін) қаңылтырмен немесе тормен, ал табалдырықтарды қаңылтырмен қаптау керек;

2) жертөле қабатындағы есіктерді, желдету каналдарын қорғағыш тормен жабу керек;

3) қабырғалардағы, едендердегі, су құбырларының және радиаторлардың қасындағы тесіктерді металл жаңқасы қосылған цементпен сылау керек;

4) цехтарды тамақ қалдықтарынан уақытында тазалап отыру, жұмыс соңынан шикізаттар мен дайын өнімдерді мұқият жабу керек;

5) дератизациялық шараларды, арнайы лицензиясы бар ұйымдармен, уақытында жүргізу керек.

4. Технологиялық жабдықтарға, аппараттарға, керек-жарақтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

76. Технологиялық құрал-жабдықтар, аппаратуралар, ыдыстар, дайын өнімдерді салатын ыдыстар, керек-жарақтар Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалынуы керек. Дайын өнімдерді қаптау үшін, нысанның өндіргіш қуатына қарамай-ақ, дайын полиэтиленді қапшықтарды қолдануға рұқсат етілмейді.

77. Ванналардың, металдан жасалған ыдыстардың, сыйымдылықтардың, астаулардың беті тегіс, ішкі беттері оңай тазаланатындай болуы керек.

78. Технологиялық құрал-жабдықтардың орналасуы, технологиялық үдерістің ағымдылығын, жұмыс істейтін адамдардың жабдықтарға жақындап жұмыс жүргізу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі керек.

79. Құрал-жабдықтар, аппаратуралар мен сүт құбырлары, сүттің, жуатын және зарарсыздандыратын ерітінділердің толық ағып кететіндей болып

орнатылуы керек. Сүт және сүт өнімдерімен жанасатын барлық бөліктері тазалауға, жууға және зарарсыздандыруға оңтайлы болуға тиіс. Темір сүт өткізгіштер алынбалы-салынбалы болуы керек.

Қоршауы жоқ шыны термометрлерді қолдануға рұқсат етілмейді.

80. Шу және діріл шығаратын құрал-жабдықтар дірілді басатын құрылымдармен жабдықталуға тиіс.

81. Сүт өнімдерін дайындайтын және сақтайтын резервуарлар (сүзбе мен ірімшіктен басқасы) тығыз жабылатын қақпақпен жабдықталуға тиіс.

82. Зауыттың ішіндегі көлік пен цех ішінің ыдыстары шикізаттар және әрбір дайын өнімдер түріне бекітіліп және оларға сәйкес белгі қойылуы керек.

83. Жабдықтарды жуу және зарарсыздандыруды арнайы бөлінген, оқытылған, арнайы киіммен және аяқ киіммен, қорғану құралдарымен (респиратор, газтұтқыш, қорғаушы көзілдірік, резеңке қолғап), сол сияқты арнайы бояумен белгі қойылған тазалауға арналған керек-жарақтармен қамтамасыз етілген персонал жүргізуі керек. Жууға және зарарсыздандыруға Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуғыш және зарарсыздандырғыш заттар қолданылуға тиіс.

84. Жуылып және зарарсыздандырғаннан кейін 6 сағаттан артық уақыт пайдаланылмаған жабдықтар жұмыс басталар алдында екінші рет зарарсыздандырылып, соңынан жуу мен зарарсыздандыру сапасы осы санитарлық ереженің 4 -қосымшасына сәйкес микробиологиялық бақылауға жатады.

85. Сүт және сүт өнімдерін өндіретін және сақтайтын сыйымдылықтарды санитарлық өңдеуден өткізу әрбір босағаннан кейін жүргізілуі керек.

86. Жабдықтар техникалық жарамсыздық салдарынан немесе су, бу, электр қуаты берілмегендіктен 2 және одан да көп сағатқа үзіліске тоқтауға мәжбүр болған жағдайда сыйымдылықтағы пастерленген сүт немесе қалыпқа келтірілген қоспа құйып алынып қайтадан пастерлеуге жіберіледі. Босатылған жабдықтар жуылып, зарарсыздандырылады.

87. Жабдықтарды жуу үшін, айналдырмалы әдіспен бөлшектемей жуатын арнайы қондырғыны қолдану арқылы, жуғыш және зарарсыздандырғыш заттарды орталықтандырылған дайындайтын орын қарастырылуы керек.

88. Жуғыш ертінділердің қанықпасына автоматты түрде бақылау жүргізетін құрылғы болмаған жағдайда, ол зертхана арқылы ауысымда кем дегенде 2-3 рет бақылануға тиіс.

89. Керек-жарақтарды, бос ыдыстарды, көлік құралдарын жуу және зарарсыздандыру үшін арнайы су өтпейтін едені бар, бумен, ыстық және суық су келтірілген, қалдық су ағатын шұқырымен, желдеткішпен жабдықталған арнайы жуғыш үй-жай қарастырылуы керек.

90. Құрал-жабдықтардың ағытылған бөлшектерін (құбырларды, крандарды, дозаторларды) қолмен жуу үшін ерітінді құятын үш секциялы штуцерлі жылжымалы ванналар қарастырылуы керек. Штуцерлердің орналасуы ваннадағы ерітіндінің толық ағып кетуіне мүмкіндік тудыруға тиіс. Ванналардың тұсында бөлшектерді кептіруге арналған сөрелер болуы керек.

91. Сүт құйған танкіні (үлкен ыдысты) қолмен жуу үшін арнайы үйретілген адам бөлінуі керек. Мұндай жұмысты орындайтын адамдарды басқа үй-жайларды, санитарлық түйіндерді тазалау үшін жіберуге болмайды. Танкіні жуу үшін арнайы киім мен етік қолданылады. Зарарсыздандырудан өткен резеңке етікті танкінің қасындағы кілемше үстінде киюі керек. Жуушы адамның арнайы киімі мен танкіні жууға қолданатын аспаптары арнайы белгі қойылған жеке шкафтарда сақталынады.

92. Сүт өнімдерін құятын шыны ыдыстар толтырылар алдында бүтіндігіне, жуу сапасына және ішінде бөтен заттардың болуына арнайы жабдықталған жарық сүзгімен қаралады. Бақылаушы жұмыс істейтін жердегі электршамдар арнайы экран арқылы қалқаланылуы керек. Жарықпен шыны ыдыстардың сапасын анықтаушы бақылаушының жұмыс орнында орындық, қол қойып, аяқ салатын жабдығы болуы керек.

93. Сүзгіш материалдарды пайдаланғаннан кейін жуып, зарарсыздандыру керек. Егер сүт автоматты есептегіш арқылы тоқтаусыз түсетін болса, оның сүзгішін бір ауысымда бір рет жуып, зарарсыздандырады.

94. Сүзбені судан арылтуға арналған қапшықтар технологиялық үдеріс біткеннен кейін тазаланылады да арнайы жуу машинасында жуғыш заттардың ерітіндісінде жуылады. Одан соң 10-15 минөт бойы қайнатылып, кептіру камерасында, шкафында немесе ауада кептіріледі. Қапшықтарды өңдеу арнайы бөлмелерде жүргізіледі, оларды кір жуатын орында өңдеуге болмайды.

95. Тағам өнімдерімен жанасқан транспортерлер, конвейерлер ауысым соңында тамақтан тазаланып, кальцийленген соданың ыстық ерітіндісімен немесе жуғыш заттардың ыстық ерітіндісімен шайылып, артынан ыстық сумен жуылады.

96. Сүт тасуға арналған цистерналар сүттен босаған соң жуылып, зарарсыздандырылады. Цистерна жуылғаннан кейін оны пломбылау керек.

97. Жуылған технологиялық жүйенің, құрылымдардың, құрал-жабдықтардың және қаптау ыдыстарының жуылу сапасы өндірістік зертхана арқылы бақыланады.

98. Жас балалар үшін сүт өнімдерін дайындайтын нысандар мен цехтарда жабдықтарды жуу және зарарсыздандыру үдерістері, жуғыш және зарарсыздандырғыш дәрмектердің қанықпасына бақылау автоматты тәртіпте жүргізілуіне тиіс.

5. Сүт және сүт өнімдерін өндіруге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

99. Сүт және сүт өнімдерін қабылдау үдерістері нысанның қуаттылығына қарамастан тазалықты мұқият сақтай отырып, өңдеу және сақтау, оларды ластанудан, бүлінуден және оларға басқа заттардың қосылмауын қадағалау керек.

100. Өңдеуге түсетін сүт өнімдері мен кілегейлердің қауіпсіздігін және сапасын куәлендіретін ілеспе құжаты болып, түсерде қолданыстағы ережелерге сай өндірістік зертханалық бақылаудан өтуі керек.

101. Шаруашылықтардан және жеке адамдардан малдардың жұқпалы ауруларға малдәрігерлік - санитарлық тұрақтылығы туралы анықтама құжаты болмаса сүтті қабылдауға болмайды.

102. Қолайсыз шаруашылықтағы сау малдардан сүт және кілегейлер шаруашылықта ыстықпен өңдеуден өткеннен кейін ғана қабылданады. Ілеспе құжатта ыстық өңдеуден өткені туралы мәлімет жазылып, өңдеу температурасы және жасалған уақыты көрсетіледі.

103. Нысанның зертханасында қолайсыз шаруашылықтан келіп түскен әрбір сүт пен кілегейдің пастерлеу сапасы тексеріледі. Сүт өнімдерді тексеріс қорытындысы пероксидазаға теріс реакция болғанда ғана қабылданады.

104. Қолайсыз шаруашылықтың сау малдарынан алынған сүт пен кілегейді сүт өңдейтін өнеркәсіп орны тек қорытылған май жасау үшін пайдаланады. Осындай сүт пен кілегейден балаларға арналған сүт өнімдерін дайындауға рұқсат етілмейді.

105. Шаруашылықтарда дайындалған сүт $+10^{\circ}$ Цельсия (бұдан әрі - $^{\circ}$ C) суытылуы керек.

106. Өңдеуге түсетін сүтті әуелі сүзіліп, артынан суытып, төмендегідей ережелерді орындай отырып, сақтау керек:

1) жаңадан алынған суытылған сүтті бұрыннан тұрған суытылған сүтпен а р а л а с т ы р у ғ а б о л м а й д ы ;

2) қышқылдығы Тернер бойынша (бұдан әрі - T) 18° -тан аспайтын, $+4^{\circ}$ C-ға дейін суытылған сүтті 6 сағат бойы сақтауға болады, ал $+6^{\circ}$ C-ға дейін суытылған сүтті 4 сағатқа дейін сақтауға болады;

3) егер сауда нүктесіне сүтті тасымалдау 10 сағатқа созылатын болса, оның температурасы $+6^{\circ}$ C-дан аспауы керек; егер сүтті тасымалдау 16 сағатқа дейін созылатын болса сүт $+4^{\circ}$ C ға дейін суытылуы керек.

107. Сүтті қабылдардан бұрын сүт құюға арналған түтіктерді, цистернаның штуцерлері зарарсыздандырып, оларды ауыз сумен шаю керек. Сүтті қабылдап болғаннан кейін сүт құюға арналған түтіктерді жуып зарарсыздандыру керек. Түтіктің екі басын тығынмен тығындап, су өтпейтін қапшықпен жауып, ілгішке іліп қою керек. Түтіктер мен патрубкларды жуу, зарарсыздандыруға арналған ертінділер арнайы белгімен белгіленген ыдыстарда сақталуы керек.

108. Қабылданған сүт, кілегей өнімдері сүзілгеннен кейін және $+4^{\circ} +6^{\circ} \text{C}$ -ге дейін суытылғаннан кейін пастеризациядан өтуге жіберіледі. Суытылған сүттің рұқсат етілген сақталу уақыты: $+4^{\circ} \text{C}$ дейін суытылса - 6 сағат, 6°C дейін суытылса 4 сағат.

109. Пастеризациядан өткен және шикі сүт өнімдерін сақтау және өндіріске ұсыну үшін арнайы белгі салынған танкілер, сүт құбырлары қарастырылуы керек.

110. Сүтті тарту, сүтті және кілегейді қалыпқа келтіру және гомогендеу пастеризациялау алдында жүргізілуге тиіс. Пастерленген сүтті тартқан жағдайда алынған кілегей, майсыз сүт және қалыпқа келтірілген қоспа қосымша пастерлеуге жатады.

111. Пастерлеу-салқындату қондырғысын іске қосудан бұрын жабдықтардың дайындығы және пастерлеу температурасын автоматты түрде реттеу жүйесі тексерілуге тиіс.

112. Пастерлеудің әрбір циклінде аппаратшы термограммада төмендегілерді белгілейді: өзінің фамилиясын, пастеризатордың түрін және нөмірін, уақытты, пастерленіп жатқан сүттен дайындалатын өнімнің атауын, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты. Пастерлеу режимі бұзылған жағдайда белгіленген режимнен ауытқу себебін көрсетіп жазылады. Жазу баспа әріптерімен жүргізілуге тиіс. Термограммалар кеңейтіліп оқылып және зертханада бір жыл бойы сақталуы керек.

113. Автоматты бақылау-тіркеу аспаптары болмаған жағдайда, пастерлеу режиміне аппаратшы бақылау жүргізеді, ол әрбір 15-20 минөт сайын температураны термометрмен өлшеп журналға жазып отырады. Зертхананың мамандары ауысым барысында пастерлеудің температурасына 3-4 рет іріктеп бақылау жүргізеді.

114. Қайта өңдеу немесе ыдысқа құю үшін сүт пастерлеудің режиміне байланысты фосфатазаға немесе пероксидазаға қарсы реакция алғаннан кейін ғана жіберіледі.

115. Сүтті стерилизациялау желісіндегі жылыдай өңдеудің тиімділігі аптасына екі рет зертханамен өнеркәсіптік тұрақтылыққа тексеру арқылы бақылануы керек.

116. Сүт және кілегей пастерлегеннен кейін температурасы плюс 4 - 6 ° С дейін салқындатылып және құйылуға тиіс. Ыдысқа құйғанға дейінгі пастерленген сүтті максимальды сақтау мерзімі 6 сағаттан аспауы керек. Пастерленген сүтті танкте сақтау уақытын асырып жіберген жағдайда, ыдысқа құяр алдында қайта пастерлеуге жатады.

117. Аппарат цехында пастерленген сүттің қозғалысы, танкке құйылу және босату уақыты көрсетіліп жазылатын журнал болуы керек.

118. Сүттен қышқылды сүт өнімдерін немесе кілегей өндіру барысында пастерлеуден кейін бірден төмендетіп және ашытуға жіберіледі. Ашыту температурасындағы сүтті ашытқы салынбаған күйінде ұстауға болмайды. Өндірістік қажеттілікке байланысты пастерленген сүтті плюс 4-тен плюс 6-ға дейін салқындатып және пайдаланғанға дейін 6 сағат сақтауға болады. Одан ұзағырақ сақтаған жағдайда ашыту алдында қайтадан пастерлеуге жатады.

119. Қаймақ өндіру үшін жаңадан алынған кілегей қолданылады, қышқылдығы жоғары ашыған кілегейді қолдануға рұқсат етілмейді. Қаймақтың толық жетілуі тоңазыту камерасында 0-ден плюс 8 ° С температурада жүргізіледі. Фляг пен бидонға құйылған қаймақтың жетілуі үшін 12-48 сағатта, ал ұсақ тұтынушы ыдыстарына құйылған қаймақтың жетілуі 6-12 сағатта жүзеге асады.

120. Балаларға арналған сүт өнімдерін өндіру үшін жоғарғы немесе 1-ші сортты сүт қолданылады. Балаларға арналған ашытылған сүт өнімдерін өндіру барысында пастерленген сүт және қоспалар 2-6 ° С температураға дейін салқындатылады, одан кейін оларды ыдысқа құюға немесе келесі жоғарғы температурада өңдеуге жібереді. Өндірістік қажеттілікке байланысты пастерленген сүтті немесе қоспаны ыдысқа құяр алдында плюс 2 ° С-тан плюс 4 ° С-қа дейінгі температурада 6 сағаттан артық емес уақытқа, ал 6 ° С-тан плюс 8 ° С-қа дейінгі температурада 3 сағаттан артық емес уақытқа сақтауға болады.

121. Балалардың сүттен жасалған тағамдарына олардың құрамының әйелдердің сүтінің құрамына бейімделуі, биологиялық және тағамдық құндылығының артуы үшін, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген, әртүрлі құрауыштарды қосуға рұқсат етіледі.

122. Ашытылған сүт өнімдерін ыдысқа құю құйып-тығындайтын бір автомат арқылы жүргізілгенде құюдың төмендегі реті сақталуға тиіс:

- 1) бифидобактерияларымен дайындалған өнімдер;
- 2) сүтқышқылы бактерияларының таза культураларымен;
- 3) пропинді қышқылды бактериялармен;
- 4) айранның өңезіндегі ацидофильді таяқшалармен.

123. Балаларға арналып шығарылатын барлық сүт өнімдерінің қорапталған түріндегі көлемі 200 мл/гр. аспауға тиіс.

124. Сынған, толық құйылмаған бөтелкедегі және пакеттердегі пастерленген немесе стерилизациядан өткен сүт немесе кілегей лавсанның қабаты арқылы, қышқылды сүт сусындары - екі қабатталған дәке арқылы өткізіліп, содан кейін қайтадан пастерлеуге немесе стерилизациялауға, ал қышқылды сүт өнімдері өнеркәсіптік қайта өңдеуге жіберіледі.

125. Дайын өнімдерге басқа заттардың түсіп кетуінен сақтандыру үшін өндіріске түскен қант пен ұнды електен өткізу керек; мейізді тазалап және жуылады, какао, кофе, ванилин механикалық қоспалардың барлығына тексеріледі.

126. Қатты және жұмсақ ірімшіктер пастерленген сүттен дайындалады. Жетілу мерзімінен өтпеген ірімшіктерді сатуға жіберуге рұқсат етілмейді.

127. Дайын сүт өнімдері, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген, шыныдан, металдан және полимерлік материалдардан жасалған тұтынушы және тасымалдаушы ыдыстарға қорапталуы керек.

128. Дайын өнімдерді қораптау үшін берілетін бос ыдыстар және басқа материалдар өндірістік үй-жайлардан тыс дәліздер немесе басқа жолдармен берілуге тиіс. Бос ыдыстар мен қораптайтын материалдарды тікелей өндірістік цехтарда сақтауға болмайды. Олар арнайы бөлінген үй-жайларда сақталуы керек.

129. Өнімді өңдеу барысында үй-жайдың ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге, өндірістік цехтарда құрал-саймандарын қалдыруға рұқсат етілмейді. Өндірістік цикл кезінде жабдықтарды жөндеу жылжымалы экранмен қоршалған жағдайда рұқсат етіледі.

130. Сатуға сүт және сүт өнімдері плюс 8°C температура да жіберіледі.

131. Балмұздақ өндірісі үшін төмендегідей үй-жайлардың жиынтығы болу керек :

1) температурасы плюс 6°C -тан жоғары емес, шикізаттарды сақтауға арналған салқындататын камералар;

2) балмұздақ өндірісіне қолданылатын құрауыштарды сақтауға арналған салқындатылмайтын қойма;

3) қораптарды, орайтын материалдарды, аспаптарды сақтауға арналған қоймалық үй-жайлар;

4) қораптан шығарумен айналысатын бөлімше;

5) дайындайтын бөлімше;

6) аппараттық бөлімше;

7) фризермен толтыратын бөлімше;

8) қатыратын камера;

9) балмұздақты сақтайтын камера;

10) құрамында қамыр илейтін үй-жайы және вафлиді пісіріп және сақтайтын

үй-жайы бар вафли өндіретін бөлімше. Дайын вафелді стакандарды қолданғанда аталған бөлімше болмауы мүмкін;

11) өндірістік ыдыстарды, аспаптарды және қораптарды жуатын бөлімше;

12) бактериологиялық бөлімшесі бар өндірістік зертхана.

132. Шағын қуатты нысандарда салқындатпайтын қойманы қораптарды сақтайтын және қораптан шығарумен айналысатын бөлімшемен біріктіруге рұқсат етіледі, оларға арнайы учаскелер бөлінеді. Дайындаушы және аппараттық бөлімшелерді де біріктіруге рұқсат етіледі.

133. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар қолданыстағы ҚНЖЕ талаптарына сәйкес қарастырылуы керек.

134. Негізгі өндірістік үй-жайлардың қабырғалары мен колонналары, сол сияқты жуынатын себезгі бөлмесінің қабырғалары 2,5 м кем емес биіктікке дейін тақтайшамен қапталуы керек; қол жуатын бөлмелер, дәретханалар, зертханалардың қабырғасы 1,8 м биіктікке дейін қапталуы керек.

135. Балмұздақпен немесе шикізатпен жанасатын барлық аспаптар, аппаратура және қораптар тотықпайтын немесе қалайымен өңделген, құрамындағы қорғасынның үлесі 1% аспайтын металдан жасалуға тиіс. Эмалданған ванналарды, мырышталған темірден жасалған ыдыстарды және өңделмеген мысты қолдануға рұқсат етілмейді.

136. Шәрбәттар мырыштан жасалған өңделмеген қазандықтарда пісіріледі.

137. Ағаштан жасалған жабдықтар ағаштың қатты түрінен жасалуға тиіс.

138. Ыдыстар мен қораптарды жууға арналған үй-жайларда ыстық және суық су келтірілген, үш бөлімшеден тұратын темір ванналар орнатылуға тиіс; балмұздақтан босаған флягтар мен гильзаларды жуу үшін фонтанды булағыш орнатылады.

139. Жуатын бөлімшедегі құбырларды және алынып салынатын жабдықтарды стерилизациялау үшін аппараттық бөлімшеде стерилизаторлар мен жылжымалы ванналар орнатылуға тиіс.

140. Балмұздақты қораптауға қолданылатын материал мен белгі салатын бояулар қолданыстағы стандарттың талаптарына сай болуы керек. Орауға арналған қорғасынды немесе қалайы фольганың құрамындағы қорғасынның үлесі 1% аспауы керек. Эскимо балмұздағына арналған таяқшалар тегіс болып, стерилизациядан өтіп, қорапта сақталуға тиіс.

141. Шикізаттар мен қосымша материалдар және тағамдық қоспалар қолданыстағы стандарттың талаптарына сай болып, кіре берісте өндірістік зертханамен бақыланады.

142. Балмұздақ өндірісіне тауықтың жұмыртқасы немесе жұмыртқаның ұнтағы қолданылуға тиіс. Сірке қышқылын, жұқпалы ауруларға қолайсыз

шаруашылықтардан үйрек, қаз, сол сияқты тауықтың жұмыртқасын қолдануға рұқсат етілмейді.

143. Балмұздақ өндірісінің барлық кезеңдерінде төмендегі талаптар сақталуы керек :

1) шикізаттарды қораптан шығару, қоспаны дайындау бөлек үй-жайларда жүргізілуге тиіс ;

2) сұйық, шалаөнімдер пастерлегеннен кейін жабық құбырлар жүйесі арқылы беріледі. Шалаөнімдерді алюминнен немесе тотықпайтын, қалайымен өңделген болаттан жасалған жабық сыйымдылықтарда тасымалдауға рұқсат етіледі;

